



INTERNATIONAL ZHUBANOV'S COMPETITION

**Ахмет Жұбанов атындағы
XVIII Халықаралық орындаушылар байқауы**
27 қазан-1 қараша 2024 ж.
Алматы, Қазақстан

Ұйымдастырушылар:

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты

Бас серіктес:

- «Art Forum of Kazakhstan» халықаралық шығармашылық ұйымы

Серіктестер:

- ЮНЕСКО қамқорлығымен мәдениеттерді жақындастыру орталығы
- ҚР орталық мемлекеттік мұражайы
- Ахмет пен Ғазиза Жұбановтың мұрасын зерттеу мұражайы
- Ахмет Жұбанов қоры
- «PIANOS» музыка және өнер орталығы

I. Жалпы ереже

1. Ахмет Жұбанов атындағы Халықаралық жас орындаушылар байқауы, Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты базасында Алматы қ. Әуезов к-сі, 66/5 мекен-жайы бойынша, 2024 ж. 27 қазан мен 1 қараша аралығында өткізіледі.
2. Байқауға мамандандырылған және балалар музыкалық мектептерінің оқушылары, колледждердің/училищелердің студенттері қатыса алады.
3. Байқау 3 жас тобы бойынша өткізіледі:
Кіші топ: 8-10 жас
Орта топ: 11-14 жас
Үлкен топ: 15-18 жас (қоса алғанда).
Қатысушылардың жасы 2024 жылғы 27 қазанға белгіленеді.
4. Барлық байқаулық тыңдалымдар көпшілік алдында өткізіледі.
5. Байқаулық бағдарлама жатқа орындалады.

6. Қатысушылар дайындық сыныптарымен қамтамасыз етіледі.
7. Қатысушылардың тізімі жеребе арқылы белгіленеді.
8. Қазылар алқасы Қазақстан Республикасы мен шет елдердің белгілі педагогтары мен орындаушыларынан құралады.
9. Қазылар алқасының құрамы байқаудың ашылуында жарияланады.
10. Қазылар алқасы сыйлықтарды бөлуге немесе олардың кез келгенін бермеуге, Жұбанов әулетінің (Ахмет Қуанұлы, Ғазиза Ахметқызы, Әліби Мәмбетов, Карина Измаилова) туындыларын үздік орындағаны үшін ақшалай сыйлық, байқаудың серіктестері мен демеушісінен арнайы сыйлықтар, арнайы атаулы дипломдар мен сыйақылар, Роза Жұбанова, Айсұлу Досаева атындағы, «Ева Коган репертуарынан шығарманы үздік орындағаны үшін», «Қазақстанның заманауи композиторының шығармасын үздік орындағаны үшін» арнайы дипломдар беруге құқылы, сондай-ақ үздік педагогикалық жұмыс атап өтілетін болады.
11. Қазылар алқасының шешімдері қайта қарастырылмайды.
12. Байқауға электронды нұсқадағы құжаттардың толық пакетін жіберген үміткерлер ғана қатыса алады: zhubanov.competition@mail.ru

Құжаттар тізімі:

- Қоса берілген №1 үлгі бойынша толтырылған өтінім (тек Word форматында);
- Туу туралы куәліктің, төлқұжаттың немесе жеке басын куәландыратын кез келген басқа құжаттың көшірмесі (тек электронды түрде);
- Байқау буклетіне арналған шығармашылық фотосурет (эл. нұсқа);
- А. Жұбанов ат. мектеп-интернатында тұратын қатысушылар мен жетекшілері, өзімен бірге міндетті түрде медициналық анықтамасы (эпидокружение) болуы тиіс;
- Жарнаны төлеу туралы түбіртек (банк бөлімшесі арқылы).

II. Өтінімдерді беру тәртібі:

1. Өтінімдер 2024 жылдың 20 қыркүйегіне дейін жіберілуі керек.
2. Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: 050008 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов к-сі 66/5
Тел: 8 (700) 721-54-07
Мектептің сайты: www.zhubanov.kz

III. Қаржылық шарттар:

1. Байқаудың әрбір қатысушысы 10.000 теңге (Қазақстан қатысушылары үшін), 30 ЕУ (басқа елдердің қатысушылары үшін) мөлшерінде жарна төлеуі тиіс.
2. Ұйымдастыру шығындары (барып қайту, тұру, трансфер) жіберуші тараптың есебінен төленеді.
3. Байқау жеңімпаздары әр номинация бойынша дипломдармен, бағалы сыйлықтармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталады.
4. Байқаудың ұйымдастыру комитеті қатысушының қалауы бойынша мектеп интернатында тұруды және тамақтануды ұсынады.

Қаржылық шарттар

Жарна ақысы

Қазақстан Республикасынан келген қатысушылар үшін – 10.000 теңге

Байқауға қатысу үшін жарнасын төлеу қолма-қол ақшасыз жүргізіледі: АО «Kaspi Bank» жарнасын төлеу туралы түбіртек (көшірме).

Байқауға қатысудан бас тартылған жағдайда жарна қайтарылмайды.

«Art Forum of Kazakhstan» Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Алушы Банк: АО «Kaspi Bank»

БСК CASPKZKA

БСН / ЖСН 990905300074

Шот нөмірі: KZ19722S000021431165

КБе 19

ТТК 869

Төлемнің мақсаты: халықаралық байқауға қатысу және қатысушының немесе ұжымның т.а.э., номинациясын көрсету. Кіру жарнасын төлегені туралы түбіртек (көшірме) түбіртектің көшірмесі өтініммен бірге байқаудың ұйымдастыру комитетіне электрондық пошта арқылы жіберілуге тиіс, олай болмаған жағдайда байқауға қатысушы күшін жояды!!!

Бағдарлама талаптары

Кіші топ: 8-10 жас

І тур

1. И. С. Бахтың полифониялық туындысы (екі, үш дауысты инвенция)
2. I бөлім – соната Аллегросы немесе сонатиналар (М. Клементи, Ф. Кулау, Й. Гайдн, В. А. Моцарт, Л. в. Бетховен)
3. Этюд: К. Черни. Таңдаулы этюд - Гермер (№2,3,4,9,11,13,14,15,22,23,30 қоспағанда), К. Черни «Школа беглости» ор.299, М. Мошковский.

II тур

1. XX-XXI ғасырлардағы композитордың шығармасы
2. Виртуоздық пьеса
3. Қазақстандық композитордың шығармасы немесе Ахмет, Ғазиза Жұбановтар, Әліби Мәмбетов және Карина Измаилованың шығармасы - №2 қосымша.

Орта топ: 11-14 жас

І тур

1. И. С. Бахтың полифониялық туындысы (ағылшын/француз сюитасынан 3 бөлім (жига міндетті)
2. I бөлім – соната Аллегро (Й. Гайдн, В. А. Моцарт, Л. в. Бетховен)
3. Бір этюд: К. Черни «Школа беглости» ор. 299 (№6,7,10,11,13,17,20,21,22,26,27 қоспағанда); М. Мошковский ор.72; К. Черни «Искусство беглости пальцев» ор. 740.

II тур

1. Виртуозды-кеңейтілген батыс еуропалық/орыс композиторының шығармасы
2. XX-XXI ғасыр композиторларының шығармасы
3. Ахмет немесе Ғазиза Жұбановтардың, Әліби Мәмбетовтің немесе Карина Измаилованың шығармасы (№2 қосымша).

Үлкен топ: 15-18 жас

I тур

1. Прелюдия және фуга - И. С. Бах, Д. Шостакович, Р. Щедрин
2. I бөлім – соната Аллегро (Й. Гайдн, В. А. Моцарт, Л. в. Бетховен)
3. Екі виртуоздық этюд:
 - 1-ші – Ф. Шопен немесе Ф. Лист
 - 2-ші – С. Рахманинов немесе А. Скрябин.

II тур

1. XIX ғасырдағы батыс еуропалық/орыс композиторының кеңейтілген шығармасы
2. XX-XXI ғасыр композиторларының шығармасы
3. Ахмет немесе Ғазиза Жұбановтардың, Әліби Мәмбетовтің немесе Карина Измаилованың шығармасы - №2 қосымша.

№1 қосымша

**Ахмет Жұбанов атындағы
XVIII Халықаралық жас орындаушылар байқауына қатысуға
ӨТІНІМ**

Номинация, топ

Тегі

Аты

Туған күні

Оқу орны

Оқытушының т. а. э. (толық)

Тұрғылықты мекен-жайы

Байланыс телефоны

Интернетке мұқтаж ба (иә, жоқ)

Интернатқа мұқтаж адамдар саны: ер___ әйел___

№	Автор	Шығарма атауы	Тур	Хронометраж
I тур бағдарламасы				
1				
2				
3				
4				

№	Автор	Шығарма атауы	Тур	Хронометраж
II тур бағдарламасы				
1				
2				
3				
4				

№2 қосымша

*Ахмет Жұбанов, Ғазиза Жұбанова, Әліби Мәмбетова,
Карина Измайлова шығармалар*
(сілтеме бойынша)

<https://disk.yandex.ru/d/Hs3p8peOPpip0Q>